

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА



Кенес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың
туғанына 100 жыл толуына орай,

**«ҚАЗАҚСТАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА:
ТАРИХИ ЖАД ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР»**
атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы
материалдарының жинағы

6 мамыр 2022 жыл

Сборник материалов

Республиканской научно-практической конференции
**«КАЗАХСТАН В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ:
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И СОВРЕМЕННЫЕ
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ»,**
посвященной 100-летию рождения героя Советского Союза
Маншук Маметовой

6 мая 2022 года



Алматы, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА**

Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың
тұғанына 100 жыл толуына орай,
**«ҚАЗАҚСТАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА:
ТАРИХИ ЖАД ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР»**
атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы
материалдарының жинағы

6 мамыр 2022 жыл

Сборник материалов
Республиканской научно-практической конференции
**«КАЗАХСТАН В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ:
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И СОВРЕМЕННЫЕ
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ»,**
посвященной 100-летию рождения героя Советского Союза
Маншук Маметовой

6 мая 2022 года

Алматы, 2022

Пайдалынылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

- 1 Шалқар аудандық газеті 1990 ж.
- 2 Шалқар аудандық газеті 2010 ж.
- 3 Шалқар аудандық газеті 2010 ж.
- 4 Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорының негізін қортуғымдері-16669/1
- 5 Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорының негізін қортуғымдері-16669/2

Балқасынова А.Т.
кіші гылыми қызметкер
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
Ақтөбе, Қазақстан

РЖЕВ ТУБІНДЕГІ ЕРЛІК

*(Ақтөбеде жасақталған 101-ши үлттық атқыштар
бригадасының тарихынан)*

Екінші дүниежүзілік соғыс – осы кезге дейінгі дамуында адамзат бастаң өткерген ондаған қақтығыстардың ішіндегі ең қасіреттісі. Мұндағы адам шығыны осы кезге дейінгі соғыстардан бірнеше есе асып тұсті. 1912-1922 жылдары дүниеге келген қазақ азаматтарының маңдайына тағдыр фашизмге қарсы қару ұстаған сарбаз болуды жазды. Бұл өрендердің дені жетімдер үйінің түлектері, әке-шешелері 37-нің сойқанында ұсталып, жазалы болғандар, діни мектеп өкілдерінің балалары, т.б. еді. Қазақ жері 1941-1945 жылдары Кеңес Одағының фашизммен күресінде барын аяған жоқ: басты ресурсы ер азаматтары кетті, азық қорларымен бүкіл майданды асырады, қару-жарақ өндірді, әскери техникаларды жабдықтайтын мұнайын берді. Елде қалған жас балалар мен ақ жаулықты аналар аш құрсақ жүріп, ет-сүт, бидай-астығын, жылы киімдерін майданға жөнелтті, күндіз-түні тыным көрмей енбектенді. Соғыс жылдары қазақ даласынан 3 миллион 240 мың тонна сүт, 240 мың тонна ет, 17 мың тонна жұн майданға жөнелтілді.

Ақтөбе облыстық-тарихи өлкетану музейінің «Ерлік пен Данқ» залында қасіретті соғыс жылдарынан мәлімет беретін 101-атқыштар бригадасының командирі, полковник С.Я. Яковленко және бригада комиссары подполковник Н.М. Алиевтің, саяси бөлімінің жұмысшылары, саяси қызметкерлерінің, соғыстан аман қалған Алматы қаласында тұратын санаулы ардагерлердің және ардагерлердің Ақтөбе облыстық музейде кездесуінде түскен суреттері қойылған [1, 356-б]. Сарғайған үшбұрышталған хаттар да соғыстың қасіретінен сыр шерткендей сактаулы [2, 3-б.].

Фашизммен соғыстың ауыр азаптары мен бейнеттерін бастаң өткерген өңірлердің бірі – Ақтөбе облысы. 1941 жылдың 1 қаңтарындағы санақ бойынша, Ақтөбе облысы тұрғындарының саны – 335 мың 900 адам.

Майданға аттанғандар саны – 122 мың 423 адам. Олардың 36 мың 192-сі майдан даласында мерт болса, 86 мың 231-і елге аман-есен жеткен. 17 мың 368 адам із-түссіз кеткендердің санатында. Майданға шақырылғандар саны мен өлгендер және із-түссіз кеткендер, қайтып оралғандары арасындағы сәйкессіздік – соғыс шындығының бүркемеленгендігінің дәлелі. Іздеу отрядтарының қазбаларында табылып жатқан солдат есімдері, бұл соғыс шындығының мүлдем басқа екенін көрсетеді. 1941-1945 жылдары ауыр жылдардың ең қаралы беттері – Ржев қырғыны.

Ржев түбіндегі шайқасқа қазақстандық 100-ші және 101-атқыштар дивизиясы қатысты [3, 227-б]. Қос дивизия – Калинин майданының соққы беруші негізгі күштерінің бірі. 1942 жылдың 25 қараша-желтоқсан айларындағы «Марс» операциясында үлкен ерлік үлгісін көрсетті. Ржев қанды көпбұрышының ақырғы нүктесі Оленин ауданы аумағында орын алды. Осы қасіретті соғыс жылдарында 1941 жылдың 13 қарашасында КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитеті Ақтөбе қаласында 101-дербес атқыштар бригадасын жасақтап, резерв құру туралы №894 қаулы қабылдады. Ол атқыштар бөлімі деп аталғанымен, шын мәнінде үлттық құрама болды. Бригада Ақтөбе, Орал, Гурьев (Атырау), Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарының түрғындарынан 18-20 жас аралығындағы жастар шақыртыла бастады. Құрамында 5007 адам болды. Оның тұңғыш командирі – подполковник С.Я. Яковленко, сонынан полковник А.И. Серебряков, полковник И.Ф. Воробьев, әскери комиссары, аға батальон комиссары Н.А. Алиев болды.

Қатардағылар, командирлер, саяси жетекшілер және бригаданың жеке құрамы негізінен қазақ үлтynan жасақталды. Мәселен, парткомиссия хатшылығын Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Нұғман Оразалин, саяси бөлімді комсомол жөніндегі көмекші Шайдахмет Сергазин басқарды. Сонымен бірге осы бригада әскери оқу орындарының түлектері, тәжірибелі де білімді жас офицерлер құрамының болуымен де ерекшеленді. Бригада штабы Ақтөбедегі облыстық қазақ-орыс мектеп-интернатына орналасып, осы оқу орнында 1941 жылдың қарашасы мен 1942 жылдың 1 қаңтар аралығында құрылым жасақталды. Бригаданың үлттық құрамы – қазақтар 80,3%, орыстар – 10,1%, украиндар – 3,7%, өзбектер 1,8%, өзге үлттар – 4,1%. Саны – 5007 жауынгер. Жас шамасы жағынан барлығы да 40-қа жетпегендер. Әлеуметтік құрамы: 705 жұмысшы, 1500 колхозшы, 1596 қызметші.

1942 жылдың 1 қаңтарынан бастап ұрыс қимылдарының түрлері мен бөлімшелердің өзара біріккен іс-қимылдарын жүргізу тәсілдері бойынша оқу-жаттығу басталды. Оқу процестері 1942 жылдың қаңтарынан тамызына дейін қаланың есік әуежайы мен Кірпішті ауылдының ортасында өтті. Құрылымның әскери даярлығын көру мақсатында сол жылдың 19 шілдесінде Ақтөбе мемлекеттік қорғаныс комитетінің мүшесі, Кеңестер одағының маршалы Климент Ефремович Ворошилов келді Бригада

комондирінің орынбасары, капитан Мұса Шайхыұлы Сәдібеков Ворошиловқа әскери құрамның даярлығын баяндап рапорт берді.

1942 жылдың 11 тамызынан 101-бригада Ақтөбе теміржол стансасынан эшелонмен біртіндеп майданға аттана бастады. Бірінші күні ескі өуежайда саптағы 5007 жауынгер алдында облыстық атқару комитетінің төрағасы Нығмет Қамбаров митингіні ашты. Осыдан кейін облыстық партия комитетінің хатшысы Қанапия Мұфтахин, бригада комиссары Нұри Әлиев, батальон комсорогы Қалыш Асқаров сөйлемді. Маршал Ворошилов жалынды сөз сөйлеп, қазактарды батыл, уәдесінен айнымайтын ержүрек халық деп мақтады. Содан кейін арнайы әкелінген ескі жүк көлігінің кузовына Нұрпейіс Байганин жырау көтеріліп, батырлық эпостарды кезекпен жырлады [4,12-б]. Сөз сөйлегендер неміс фашизімін жеңіп, Кеңес өкіметінің жерін, Батысты басқыншылардан азат етіп, Жеңіс туын Берлинге тігіп қайтып оралуларына тілек білдірді. Жыр біткен соң майданның не екенін сезінбеген жап-жас жігіттер теміржол вокзалынан пойызға мініп, Мәскеу бағытына қарай аттанды. Мәскеу қаласы түбіндегі Нагинск қаласынан 12 шақырым Боровое лагеріне лек-лекпен жетті. Құрамның бір бөлігі штатқа сәйкес қару-жаракпен жарактандырылды. З айдан астам уақыт бойы жоспарлы жаттыгулардан өтті. 1942 жылдың 3 қазанында генерал-майор Рябков КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы атынан бригадаға жауынгерлік Қызыл Туды тапсырды. Бригадаға 16 жүк машинасы және 6 жеңіл автокөлік, 460 жылқы, 89 аттың ері, 1089 тон, 1428 құлақшын берілді дейді Ақтөбе облыстық мұрағатының қызметкері Сағыныш Төремұратова [4,11-б]. Алайда, «Марс» операциясы омбылаған қар мен жалтыраған көк мұзда, орманды алқаптарда, терендігі 3 метрге дейін созылатын Ржев төңірегіндегі жау бекіністерінде атпен соғысадың мүлдем мүмкін емес екендігін дәлелдеді. Екінші жағынан дивизияның жабдықталуынан кеңестік қорғаныс басшылығының Вермахт армиясының әскери дайындығынан толық хабардар еместігі анғартылды. Осыдан кейінгі уақытта маршал Ворошиловтың өзі де шешуші кезеңдердің жоспарынан мүлдем шеттетілді.

Бригада 1942 жылы 23-25 қазаны аралығында 39-армия құрамында Калинин маңындағы Кувшиново және Букарево деревняларында алғаш жауынгерлік сынақтан өтті [1, 356-б.] 25 қарашадағы бригададағы жауынгерлер саны 4918 адам. Шайқасқа 26 қарашада кірген. Бұл «Марс» операциясының екінші күні. 26 қараша мен 29 желтоқсан аралығында 101-бригаданың 744 жауынгері қаза тапты, 313-і із-түссіз кеткен, 2544-і жарапланған. Құрама 4918 жауынгерінің 3601-ін жоғалтты.

Күш тең емес кескілескен шайқаста жанқиярлық ерлік үлгісін көрсеткен 101-дің кейбір сарбаздарының есімдері: А. Алпысбаев 1-батальон 3-рота командирі, Б. Айдарханов кіші сержант, Н. Әлмағабетов аға фельдшер, Б. Кенжеғарин т.б. [5, 160-б.].

Кеңес тарихында Ұлы Отан соғысындағы ең қантөгісті шайқас ретінде Сталинград шайқасы аталып келді. Егерде Сталинград шайқасында қарсылас

екі тараптан 27 армия қатысса, ал Ржев қырғынында 2 миллион 600 мың қызыл жауынгер қаза тапты. Алғашқы күннен бастап жауынгерлер ауыр ұрыстарға тап болды. 15 ай бойы немістердің генерал Модель басқаратын 9-армиясымен бірін-бірі ала алмады. Молодой Туд деревниясы, Великие Луки қаласы төңірегіне, Оленин ауданына немістің ең таңдаулы күштері шоғырландырылды. 101 және 100 бригада өздерінен бірнеше есе күшті жаумен бетпе-бет келді. Қосымша күш жеткен жоқ. 25 қарашада күн қатты сұтып, қар аралас жауған жанбырдың соны батыстан қатты соққан желге ұласқан. Тверьдің қара топырағы қатты езіліп, мұзға айналып, шабуылға шыққан солдаттардың алға үмтүлүүсінен, окоп қазып жасырынуына үлкен кедергі келтірді. Жылы киіммен жеткілікті денгейде жарактандырылмаған жауынгерлер аяз астында ашық далада соғысуға мәжбүр болды. 1942 жылдың қарашасынан 1943 жылдың наурызына дейін қанды қырғын жалғаса берді. Оленин ауданы деревняларын азат етуде 101-бригада жаумен бетпе-бет жалғыз қалды. Немістер алға үмтүлған қаруызы әрі қорғансыз солдаттардың кеудесінен атты, олардың жансыз денесі үйіліп жатты. Алдағы шептегінің денесі сұымай жатып-ақ, қарша жауған оққа қарай отқа үмтүлған көбелектей жас солдат құстай үшіп келе жатты. Немістер мазақ қылып ата берді, ата берді. Өмірдің қызығын да көріп үлгермеген жас жауынгерлер бірінен соң бірі құлап жатты. Жүгірмеске амал жоқ, артында тапаншасын тақап қызыл командирлер жатты, артқа қарай бір қадам шегінсөң де өлесің. «Марс» операциясының түпкі мән-мақсаты осында еді. Уақыт ұту. Немістерді қаруызы солдаттарды көздейтін нысана етіп, алдаусырата беру. Солдатты нысана, жансыз куыршақ сияқты пайдаланды. Әр 10 солдатқа 1890-жылдары шыққан бір гана винтовка берілгенін немістерді ату үшін соңғылары алдыңғы серігінің өлуін күтіп тұратынын қинала айтты. Әскери ұрыс қимылдарының дәл қақ ортасында қалып, нағыз тозақтың ортасында жанталаса шайқасқандарына қарамастан, әр минут сайын өлім тақалып тұрсада, жаумен берілмей шайқасқан қазақтың қос бригадасының жауынгерлері қандай қын сөт тұғанда да сатқындыққа бармаған. Қараша-желтоқсанның қын күндері 101-дің сарбаздары 2500 жаудың көзін жойған. Ұлы Отан соғысының ардагері, Алматыдан жасақталған 100-ші бригаданың сарбазы Ахметқазы Болатов журналист Ш. Қонақбайқызына айтқан әңгімесінде 42-нің қысында «Марс» операциясы кезіндегі қазақ сарбазының жағдайын былайша еске алады:

«Сондагы менің байқаганым, басына іс түскенде қазақтай қайсар халық жоқ екен. Фашизмге қарсы қанқұйлы согыста мен өз халқымнан шыққан сүйікті ұландарды жете таныдым, олардың үш турлі басты қасиетіне тәнні болдым десем артық айтқандық емес. Майданда қазақ жігіттері аштыққа төзімді, қолда барына қанагаттыл еді. Қарны тоймаса сүмендел тاماқ ізден кететін әдет байқатқан жоқ. Тамақтануға отырганда азғантай ас-суга командирлерден, жасы үлкендерден бұрын қол

созбайтын. Бұл үлкен тәрбиелілік, тектілік еді. Киімдері жуқа болсада 35-40 гр. аяздарда шыдамдылық таныта білді» [4, 23-б].

Қардың беті адам өлігіне толды, қаны судай ақты, төнірек түгел қан, тіпті аяда да оқ-дәрі мен қан сасыды деп Тверь деревнялары тұргындарының айтқандары Ржев жөнінде жазған неміс тарихшыларының жазбаларымен сәйкес. Міне «Марстың» айтылмаған ақиқаты осында болатын. Осы қос бригаданың кұрамы өте жас 1937 жылғы зұлмат кезеңнен есін жимаған қазақтың жас өскіндері, енді көктеп келе жатқан намысшыл, отанышыл жігіттер. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қанды қырғын тарихта «Ржев мясорубкасы» деп атаған. Плацдарм азат етілгенде, 101-ші бригаданың 5 мыңға жуық сарбазынан 500-ге жетер-жетпес қана адам шыққан. Эбден қалжыраған 101-дің жауынгерлері 47-ші және 90-шы атқыштар дивизияларына топтастырылып, Калинин майданының 39-армиясы кұрамында қайтадан майданға аттанды. 101-бригаданың Ржев қанды көпбұрышында мәңгілікке қалған жауынгерлерімен қоса, 101-дің аты да өшті Егерде Ржев қанды қасабында 6 рет нәтижесіз шабуылдар астында қалмағанда, осы бригада Берлинге дейін баар ма еді? Ржев аумағындағы ормандар мен аланқайларда әлі күнге дейін бірнеше мындаған солдаттар жерлеусіз жатыр. Аудан аумағында бауырластар зиратында 32 мың солдат қайта жерленген. 100-ші және 101-ші бригада жан аямай шайқасқан Молодой Туд деревнясы іргесінде де мемориалдық жерлеу орындары бар. 2006 жылы осы жердің тұргыны, бұрынғы әскери қызметші Дмитрий Александрович Жук «Орел» қоғамдық бірлестігін ашып іздеу отрядын күрүп, бірнеше бағытта жұмыстар атқарды. Оленин ауданының аумағындағы белгісіз 29 бауырластар зиратында біріңгай қазақ жауынгерлері жатыр. Оған дәлел, Жук отрядының қазба жұмыстарын жүргізу кезінде тапқан «Қырықбаев», «Айжанов» деп есімдері ойылып жазылған тот басқан солдат қасықтары. Ол АҚШ-тың іздестіру отрядтарымен, американцы тарихшылармен байланыс орнатты, екінші дүниежүзілік соғыстың сол кездегі қанды оқиғалар картинасын, тарихқа жаңаша көзқарасты қалыптастыруға көп жұмыс атқарды. Сонымен бірге Тверь облысы Ржев қаласындағы іздеу отрядының тағы бір жетекшісі Игорь Росляковты да айтпай кетуге болмас. Ол басқаратын топ 4 жылда белгісіз бейттерден 600 адамның сүйегін тауып, есімдерін анықтап қайта жерледі.

Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуына байланысты 4 сериялы деректі фильм түсірді. Мұнда саны азайып қалған ақтөбелік жауынгерлерінің естеліктері, күнделік жазбалары мұрағат құжаттарымен толықтырылған. Сонымен қатар соғыстың алғашқы күндерінен-ақ майданға аттанған ақтөбелік 312-ші бригада мен Ржев қырғынына тоғытылған 101-ші атқыштар бригадасы жөнінде бұрын айтылмаған деректер қамтылған [6, 3-б].

Ржев қырғыны соғыс аяқталғаннан кейін де тарихшылар мен зерттеушілер үшін жабық тақырыпқа айналды. Кеңестік цензура айналып етті. Армия генералдары мен Бас штабтың істеріне құдік келтіріп, олардың алған абырайлары мен даңқына көлеңке түсіретін жайттар көп болды. Сол себепті Ржев жауынгерлері басқа жауынгерлер секілді лайықты құрмет көре алмады. Салтанатты қабылдаулар мен атак-марапаттан мұлдем тыс қалды. Рас, Ржев операциясы Калинин және Батыс майданы қолбасшыларының сәтсіз операциясы екені рас. Екіншіден, осы операцияны жоспарлау мен өткізу барысында маршал Г.К. Жуков пен Коневтің тұрғаны рас. Үшіншіден соншама миллиондаған адамның қырылуына жол берілді.

М. Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты орналасқан гимарат – 1942 жылы 101-бригада жасақталған қазақ-орыс мектеп-интернатының орны. 1985 жылдың 10 қарашасында осы мектеп-интернатта «Жауынгерлік данқ» мұражайы ашылды. 101-бригаданың жорық іздерін қайта зерделеу, көзі тірі майдангерлерін іздестіру жұмысы Ақтөбеде тек осы білім орнында ғана түнғыш қолға алынды. Кейін мектеп-интернатқа дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернат мәртебесі беріліп, оқу орнын ұзақ жылдар табысты түрде басқарған Danaғали Кенжебаевтың басшылығы кезінде мұражай еңсесі биіктеді [7, 15-б.] газет.

Ажалмен бетпе-бет келіп, аждаһаның аузынан аман оралған пенде бейбіт күннің қадірін өзгелерден артық қадірлейді. 100 және 101-бригада майдангерлері қаламға жақын болды [4, 116-б.]. Елге аман оралғандары: Тахау Ахтанов, Мұзафар Әлімбаев, Әзілхан Нұршайыков, Өтебай Қанахиндер соғыстан кейінгі дәуірдің әдебиетін қалыптастыруды. Ақтөбелік зенбірекші Мұқаш Кенбаев ақсақал 101-бригаданың тірі шежіресі еді. Соғыстан кейін 30 жыл бойы училищені басқарып өмірінің соңғы жылдары облыстық мүгедектер қоғамына жетекшілік етіп 80 жастан асып өмірден озады.

Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлерді есте қалдыру мақсатында «Нұр Отан» мен «Единая Россия» бірлесіп үйымдастырудан осы жобада негізінен Ржев қырғынынан аман шыққан қаруластар жиналды. Қазақстанның барған делегация туған жердің топырағын Ржевтегі осы мемориалды кешенге жеткізді. Женістің 65 жылдығы қарсаында қазақстандық қос атқыштар бригадасына арналған кешен Ржевке кіреберістегі Осташов тас жолының бойына орнатылды. Жобаны толығымен Қазақстан үкіметі, соның ішінде Ақтөбе облысының әкімшілігі қаржыландыруды. Онда Ақтөбе облысының картасы бедерленген және қос атқыштар бригадасының жауынгерлерінің есімдері ойып жазылған. Қазақстандық жауынгерлер жерленген жерден әкелінген бір уыс топырақты Ақтөбе қаласындағы Батырлар аллеясына салу рәсімі өтті [4, 235-б].

Қазіргі таңда Ақтөбе облысында 101-атқыштар бригадасының атына көше беріліп, Ж. Кереев атындағы көшеде 101-атқыштар бригадасына арнап ескерткіш қойылған. Бізге осындай жарқын да бейбіт өмірді сыйлаған жандарды ұмытпауымыз керек. Ешкім де ештеңе де ұмытылмайды!

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

- 1 «Боздақтар» Книга памяти Казахстана Алматы, Қазақстан 1995.-480 б.
- 2 АОТӨМ. 101-ші үлттық атқыштар бригадасына қатысты материалдар папкасы. НҚТ – №04-01. 2601-4055.
- 3 Аяған Б. «Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында» Алматы: «Өнер», 2010. -640 бет.
- 4 Фалымжан Байдербес. Ржев шайқасының қаһармандары Ақтөбе, 2015.-260 б.
- 5 Козыбаев М. «Казахстан в Великой отечественной войне» Алма-Ата 1990, 381 бет.
- 6 Тұрысбеков З. «Ржев-Вязьма тендессіз шайқастар даласы» Егемен Қазақстан. - 2013. -30 наурыз -3 б.
- 7 Бакиева Б. «Ржев шайқасының қаһармандарына тағзым» Ақтөбе.-2015.-21 мамыр-15 б.

Қасанбай Ж.И.

*Абай атындағы ҚазУПУ 1-курс магистранты
Алматы, Қазақстан*

**ПЛАКАТ ӨНЕРІ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАГЫ ҮГІТ-НАСИХАТ
(ПРОПАГАНДА) ҚҰРАЛЫ РЕТИНДЕ**

Аннотация. Баяндамада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жеңісті насихаттаудың маңызды құралдарының бірі ретінде плакаттың рөлі көрсетілген. Плакаттар осы кезеңдегі бейнелеу өнерінің негізгі түрі болды және жоғары көркемдік деңгейге жетті. Баяндама плакаттардың адамға эмоционалды әсерінің күші көрсетіледі. Олар ел тұрғындары арасында жоғары патриотизм сезімін қалыптастыруды және осылайша соғыс уақытының негізгі идеологиялық міндеттін орындағы – Отанды қорғауға көтерілді, кенес адамының күші мен рухын оятып, оны жеңіске жетеледі.

Кілт сөздер: Кеңестік идеология, Үгіт-насиҳат, Ұлы Отан соғысының плакаттары, эмоционалды әсер, батырлық плакат, қайғылы плакат, сатириалық плакат.

Кенес Одағындағы үгіт-насиҳат жұмыстары кеңестік саяси жүйенің құрамдас бөлігі болды. Мақсаты бұқаралық санаға әсер ету болып табылатын үгіт-насиҳатқа идеологиялық жұмыста үлкен мән берілді. Жалпы идеология, атап айтқанда, кеңестік идеология қоғамның дамуын